

Глоссарий

Академиялық күнтізбе (academik Caiendar) – демалыс (каникул, мейрам) күндері көрсетілген оқу жылының ішіндегі оқу және бақылау шараларының өткізілу күнтізбесі.

Академиялық кезең (Trtm) – теориялық оқу кезеңі, үш форманың біреуінде көрініс алады; семестр ұзақтығы – 15 апта; триместр ұзақтығы-10 апта; квартал ұзақтығы-8 апта.

Академиялық сағат лекциялық, практикалық (семинар) сабақтарының бір контакттік сағатына (50 минутқа), немесе студиялық сабақтың 1,5 контакттік сағатына (75 минутқа), немесе лабораториялық сабақтың және дене тәрбиесі сабағының 2 контакттік сағатына (100 минутқа), өндірістік практиканың барлық түрлерінің 5 контакттік сағатына (250 минутқа) тең болады.

Академиялық анықтама (Transcript)- кредиттер мен бағалары көрсетілген сәйкес оқу кезеңіндегі өтілген пәндерінің тізімінен тұратын белгіленген формадағы құжат.

Глоссарий – терминдер мен айтылған ойлардың түсіндірме сөздігі.

Дәріс – белгілі бір тақырып бойынша материалдарды баяндау. Жоғары оқу орындарында жаңа білімді хабарлаудың алдыңғы қатарлы әдісі.

Демонстрация – барлық топқа әртүрлі көрнекілік құралдарды көрсетуде қолданылатын әдістемелік тәсіл. Демонстрацияның объектісі белгілі-бір жұмысты орындаудағы оқытушының қолданатын тәжірибелері және тағы басқа көрнекілік құралдар болып табылады.

Дискуссия – 1) топта шешім қабылдау үрдісін интенсификациялау мақсатымен бірлесе ұйымдасу тәсілі; 2) ақиқат ұжыммен іздеуде оқып жүргендеодің белсенділігінің негізінде оқу үрдісінің тиімділігі мен жеделдетуін көтеретін оқу әдісі; 3) мәселені талқылау үрдісі, оны шешу жолдарында берілетін ұжымдық зерттеу тәсілі.

Жалпы білім беру пәндері – ЖБП (central Education Requirement – GER) әлеуметтік-гуманитарлық және жаратылыстану – ғылыми пәндердің циклы.

Кейс – сатылары (ағырш. Case – қорап, жәшік, портфель) – оқытудың жаңа әдісі, бұның негізінде бірнеше топқа нұсқау- нәтижелері және қортындыларды талқылау мен талдау арқылы шындықтағы кәсіби мақсатты шешу беріледі. Кейс-сатылары қажет кәсіби білім мен дағдыларды қалыптастыру мақсатында қолданылады.

Кредит (Credit) – тыңдаушының, оқытушының оқу жұмысы көлемінің өлшем бірлігі. Бір кредит академиялық кезең ағымындағы тыңдаушының апталық аудиториялық жұмысының бір академиялық сағатына тең. Әрбір лекциялық практикалық (семинарлық) және студиялық сабақтың академиялық сағаты міндетті түрде студенттің өзіндік жұмысының (СӨЖ) 2 контакттік сағатымен (100 минут) толықтырылады.

Қорытынды бағалау (Final Examination) – оқу пәнін оқып біткеннен соң академиялық кезеңнен кейін өткізілетін тыңдаушының оқудағы жетістіктерін тексеру; қорытынды аттестацияның өткізу формасы емтихан болып табылады; ауызша, жазбаша, тест түрінде.

Міндетті компонент (Core Subjects) – оқу бағдарламасы бойынша студенттердің міндетті түрде оқитын пәндері.

Пәннің сипаттамасы (Course Description) – пәннің қысқаша сипаттамасы .

Презентация – жеке немесе топта орындалатын оқу-танымдық жұмыстың нәтижелерін көрсету.

Пререквизиттер, постреквизиттер – берілген пәнге дейін және пәннен кейін игерілуде міндетті пәндер.

Семинар – жоғары оқу орындарындағы практикалық сабақ.

Студентке арналған пәннің бағдарламасы (Syllabys)- әрбір сабақтың тақырыбы және ұзақтылығы көрсетілген әр пәннің оқыту бағдарламасы.

Студенттің өзіндік жұмысы(СӨЖ) – оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етілген, тест, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, шығармалар мен есептер түрінде бақыланатын өзіндік жұмысқа берілген белгілі-бір тақырыптар тізімі бойынша жұмыс.

Таңдау бойынша компонент (Electives) –кез-келген академиялық кезеңде тыңдаушының таңдауы бойынша оқылатын элективті оқу пәндері.

Тренинг – бұл студенттің өзін-өзі танудағы білімі мен дағдысын қалыптастырудың, топтағы адамдармен қарым-қатынастың топтық әдіс жиынтығы. Тренингтің негізгі құралдарды топтық дискуссия және рольдік ойындар болып табылады. Тренинг жеке басты қалыптастыру және коммуникативтік дайындығын жетілдіру мақсатында қолданылады. Сонымен қатар осы мамандық өкілдерінде арнайы коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру үшін қолданылады, мұнда басқа адамдармен жедел байланыс орнату мәселесі қаралады.

Тыңдаушының оқу жетістіктерін бақылау - әртүрлі бақылау тапсырмаларының негізінде нақты пән бойынша тыңдаушының білім жетістіктерін тексеру; ол өз кезегінде ағымдық, аралық, қорытынды бақылауға бөлінеді.

Оқу жоспары – білім беру деңгейінің оқу пәндерінің тізімін жіне көлемін, оқу тәртібін реттейтін негізгі құжат.

Оқу пәнінің коды - әріптер менсандар арқылы таңбаланған оқу пәнінің реттік саны. Оқу пәндерін бір код жүйесіне түсіру оқу жоспарларының барлық түрлерінде қолданылады. Сондай-ақ бұл код оқу пәнінің оқытушыларға және студенттерге арналған оқу-әдістемелік кешендерге енгізілген.

Оқу пәнінің саясаты – оқытушы пәнді оқыту барысында студентке қойылатын талап деңгейінің жүйесі. Талап ету жүйесі сабаққа қатысу, сабақтағы тәртіп ережесі, мадақтау мен жазалау жүйелеріне байланысты.

Оқытудың кредиттік жүйесі – оқу үрдісін регламенттеу және білім көлемін кредит түрінде есепке алу шегінде білім траекториясын таңдау, жекелендіру негізінде өз бетінше білім алуды жоғарлату және білімді шығармашылық түрде игеруге бағытталған білім беру жүйесі.

Оқытушының жетекшілігімен жүзеге асырылатын студенттің өзіндік жұмысы (ОСӨЖ) – оқу кестесінде көрсетілген және оқытушының педагогикалық жүктемесіне кіретін оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін студенттің аудиториядан тыс жұмысы.

Өту баллы – таңдап алынған бағдарлама бойынша тыңдаушының оқу жетістіктері деңгейінің орташа бағасы.

Үлгерімді аралық бақылау- бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес өткізілген тыңдаушының оқу жетістіктерін мерзімдік тексеру.

Үлгерімділікті ағымдағы бақылау- оқу пәнінің әрбір тақырыбы немесе әрбір тарауы бойынша оқу пәнінің оқытушысы жүзеге асыратын тыңдаушының оқу жетістіктерін жүйелі тексеру.

Іскерлік ойын – берілген ережелер бойынша кәсіби және тағы басқа тәсіл арқылы ойын жолымен белгілі бір нәтижелерді көрсететін әдіс. Іскерлік ойындар оқыту және зерттеу мақсаттары үшін қолданылады.